

БИОТЕХНОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

БВ05102 — «БИОТЕХНОЛОГИЯ»

ОҚЫТУ ТІЛДЕРІ: ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН, ОРЫС

(кәсіптік пәндер: Биология - Химия)

Биотехнология маманының көмегімен адамзатқа қажетті көптеген сұраныстарды қамтамасыз етуге болады. Мысалы, медициналық препараттарды жасау, өсімдіктерді түрлендіру, тамақ өнімдерінің жаңа технологияларын ұсыну. Сонымен қатар, қазіргі таңда өзекті мәселе ПТР (политізбекті реакция) диагностикасын жасау, ЭКО (эмбриондарды ағзадан тыс ұрықтандыру) жасау кезінде жасушаларды өсіру және біздің мемлекетке керекті тағы басқа заманауи әдістерді меңгеру мен қолдану.

Торайғыров Университетінде Биотехнология төмендегідей мамандардандыруды көздейді: Тағамдық биотехнология бағытын бітірген түлектер тамақ өндірісінде, мысалы, наубайханалар, сусын шығаратын кәсіпорындар, көкөніс пен жеміс-жидек сақтау мен өңдеу цехтарында, ет-сүт өңдеу зауыттарында жұмыспен қамтылады. Бұл кәсіпорындарында зертханаларда, технологиялық цехтарда жұмыс атқарады. Биотехнолог маманы шикізат пен дайын өнімінің сапасын бақылап қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Ауылшаруашылық биотехнологиясы бағытының түлектері өсімдіктерді гидро-, аэропонды өсіру көмегімен мал азығын ауа райы қолайсыздығына қарамастан өндіре алады, вируссыз өсімдік тұқымдарын алып өнімділікті арттырады, биологиялық жолмен топырақтың құнарлығын арттырады, ЭКО әдісінің көмегімен асыл тұқымды мал санын көбейтеді, ДНҚ-тестілеу арқылы диагностика жасайды.

Бакалавриат кезінде студенттер тәжірибе жинауға Ұлттық биотехнология орталығына, Назарбаев Университетіне, «Сүт» АҚ және т.б. белді кәсіпорындарға жіберіледі.

Университетте Биотехнология бойынша магистратура мен докторантурада оқуды жалғастыру мүмкіндігі бар.

Ауыл шаруашылығы ғылымдар факультетінің деканы
А.ш.ғ.д., профессор Бексеитов Токтар Карибаевич.
Кафедра меңгерушісі:
«Биотехнология» - т.ғ.к., проф.
Исаева Куралай Сметкановна

Дайындық курстары
8 701 5263640
@priemka.tou
@psukz

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар қ. Ломова к., 64

Біздің сайт: www.tou.edu.kz

Ауыл шаруашылық ғылымдар факультеті (А1-213)
«Биотехнология» (А1-109)

@ biotech.tou

Қабылдау комиссиясы: каб. А-111, А-113,

8 7182 673773

8705 4062266



6B07203 - «АЗЫҚ-ТҮЛІК» ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ»

кәсіптік пәндер: Биология - Химия
Оқыту тілдері: қазақ, орыс

Азық-түлік өнімдерінің технологиясы халықты қауіпсіз және құнарлы тамақпен қамтамасыз етуді көздейтін сала. Қазіргі таңда адамзаттың денсаулығына оң ықпал ететін және жергілікті шикізатты толығымен қолдану арқылы жаңадан тамақ өнімдерін шығару немесе дәстүрлі көнерген технологияларды жаңғырту осы мамандықты игерген технолог мамандардың қолында. Ұлттық өнімдерді сыртқа таныту да осы мамандардың қолында.

Нутрициология (дұрыс тамақтану) бағыты бойынша білім алу көзделген.

Торайғыров Университеті Азық-түлік өнімдерінің технологиясы төмендегідей бағыттар бойынша дайындайды:

Тағамдық индустрия бағыты бойынша келесі білім мен дағдыларға ие боласыз: өсімдік және мал шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу арқылы тамақ өнімдерін алу. Мысалы, ұннан өндірілетін макарон, нан, тоқаш, кондитерлік өнімдер, ет пен сүттен алынатын өнімдер, көкөністер мен жеміс-жидектен консерві және тосап өнімдерін алу технологияларын меңгеру. Қауіпсіз өнім алуға қойылатын талаптарға сәйкес шикізатты қабылдау мен дайын өнімдерді өндіру шарттарын білу мен орындау.

Тамақтану индустриясы бойынша алынатын білім мен дағдылар: қоғамдық тамақ өнімдерінде технологиялық процестерді ұйымдастыру (мейрамхана, асхана, кафе, қонақ үйлердің тамақтану орны, кейтеринг және т.б.). Қоғамдық тамақтану орындарында дұрыс тамақтану ережелерін сақтай отырып ас мәзірін құрастыру және қажетті шикізат есебін жүргізу. Сонымен қатар шетел және ұлттық тағамдар технологиясын жетік меңгеру.

Бакалавриат кезінде Павлодар өңірінің ірі кәсіпорындарында тәжірибеден өту қамтамасыз етіледі.

Азық-түлік өнімдерінің технологиясы бойынша магистратурада оқуды жалғастыру мүмкіндігі бар.